

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н.ГУМИЛЕВА  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
L.N.GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық,  
Абай Құнанбайұлының 175 жылдық және  
С.М. Жақыповтың 70 жылдық мерейтойына арналған  
«Жаһандану әлеміндегі адамның денсаулық психологиясы»  
тақырыбындағы халықаралық ғылыми - практикалық конференцияның

### **МАТЕРИАЛДАРЫ**

2020 жылдың 15 мамыры

### **МАТЕРИАЛЫ**

Международной научно-практической конференции  
«Психология здоровья человека  
в глобализирующемся мире»  
к1150 - летию Абу Насыра аль-Фараби,  
175-летию Абая Кунанбайулы и 70 - летию С.М. Джакупова  
15 мая 2020 года

### **PROCEEDINGS**

International scientific conference about  
«Psychology of human health in a globalizing world»  
dedicated to 1150th anniversary of Abu Nasyr al-Farabi,  
175th anniversary of Abay Kunanbayuly and  
70th anniversary of S.M. Dzhakupova

15 May 2020



Нұр-Сұлтан, 2020

**УДК 159.9 (063)**  
**ББК 88,3**  
**П 86**

**Редакционная коллегия**

**Қашхынбай Б.Б.**-декан факультета социальных наук, (ответственный редактор)

**Сламбекова Т.С.** - профессор, заведующий кафедрой Социальной педагогики и самопознания

**Айкинбаева Г.К.** -кандидат педагогических наук, доцент

**Мамбеталина А.С.** -кандидат психологических наук, доцент

**Нурадинов А.С.** -кандидат психологических наук, доцент

**Рыскулова М.М.** -кандидат педагогических наук, доцент

**Исаханова А.А.** – PhD психологии

**Организационный комитет**

**Ақымбек Г.Ш.** -магистр психологии

**Бурдесбекова У.И.** -магистр педагогики

**Құнанбаева А.Ж.** -магистр психологии

**Лекенова А.**-магистр социальной педагогики и самопознания

Психология здоровья человека в глобализирующемся мире: Сб. науч. статей Межд. конф. города Нур – Султана. 15 мая 2020 г. /Под ред. Б.Б. Қашхынбай, Т.С. Сламбековой, Г.К. Айкинбаевой. – Нур –Султан: ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. – 498 с.

**ISBN 978-601-337-343-0**

В настоящий сборник вошли материалы II Международной научно-практической конференции «Психология здоровья человека в глобализирующемся мире» к 1150 – летию Абу Насыра аль-Фараби, 175- летию Абая Кунанбайулы и 70- летию С.М. Джакупова. (город Нур Султан 2020 г.)

Материалы предназначены для молодых ученых, соискателей, студентов, магистрантов, докторантов, интересующимися проблемами психологии.

**ISBN 978-601-337-343-0**

**©ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2020**

**©Кафедра социальной педагогики и самопознание**

**ЕНУ им Л.Н. Гумилева**

- профессий /В.А. Пономаренко, Д.В. Гандер, А.А. Ворона. //Прикладная психология. - 1998, № 4. - С.42-49.
9. Пономаренко, В.А. Практическая психология. Проблемы безопасности летного труда. /В.А. Пономаренко, Н.Д. Завалова. - М., 1994.
  10. Пономаренко, В.А. Психология духовности профессионала. /В.А. Пономаренко - М., 2004.
  11. Пономаренко, В.А. Психология жизни и труда летчика. /В.А. Пономаренко.-М., 1992.
  12. Пономаренко, В.А. Страна Авиация - черное и белое. /В.А. Пономаренко -М., 1995.
  13. Малинин, В.Р. Средства психической саморегуляции как фактор стабилизации деятельности в экстремальных условиях. /В.Р. Малинин. - М., 1995.
  14. Анцупов, А.Я. Конфликтология. Учебник для вузов. /А.Я. Анцупов, А.И. Шипилов. - СПб., 2008.
  15. Толочек, В.А. Современная психология труда: Учебное пособие. / В.А. Толочек. - СПб., 2005.-479 с.
  16. Василенко, Е.В. Формирование профессионально-психологической устойчивости будущих сотрудников ОВД к экстремальным ситуациям: Автореф. дис. канд. психол. наук. /Е.В. Василенко. - Ставрополь, 2008.
  17. Пономаренко, В.А. Практическая психология. Проблемы безопасности летного труда. /В.А. Пономаренко, Н.Д. Завалова. - М., 1994.
  18. Тарасов, А.А. Система военного обучения в вузах - в интересах гражданской специальности //Высшее образование в России. - 2005. - №2. - С. 77-78.
  19. Жильцов, В.А. Психологическая диагностика профессиональной пригодности граждан, поступающих на военную службу по контракту: Автореф. дис. канд. психол. наук. /В.А. Жильцов. - М., 2000.
  20. Аболин, Л. М. Психологические механизмы эмоциональной устойчивости человека. / Л. М. Аболин. – Казань, 1987.
  21. Абрамов, А. Н. Модели военного обучения в гражданских вузах и стратегия их выбора с учетом особенностей региона /А. Н. Абрамов. – Н.Новгород, 2001.
  22. Абрамов, А. Н. О некоторых проблемах подготовки офицеров в современных условиях. / А. Н. Абрамов. – Н.Новгород, 2004.
  23. Абульханова, К. А. О субъекте психической деятельности / К. А. Абульханова. – М., 1973.
  24. Агеев, Б. А. Мотивационная готовность молодых офицеров к военно-профессиональной деятельности: Автореф. дис. Канд. Псих. Наук. / Б. А. Агеев. – М., 1997.

**ӘОЖ 159.922**

## **ЕРЕКШЕ ҚАМҚОРЛЫҚТЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАСЫ БАР ОТБАСЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ МОДЕЛЬДЕРІ**

## Рахымжан Назерке Бауыржанқызы

[nazik.19\\_98@mail.ru](mailto:nazik.19_98@mail.ru)

6M066-3103 - «Психология» мамандығының 1 курс магистранты,

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Нұр-Сұлтан қаласы. Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі – Б.Ш. Байжұманова

Тәрбие - қоғамның негізгі қызметтерінің бірі, жеке адамды мақсатты, жүйелі қалыптастыру процесі, аға ұрпақтың тәжірибесін кейінгі буынға меңгертіп, олардың сана-сезімін, жағымды мінез-құлқын дамытушы.

Тәрбие - жастарды әлеуметтік өмірге және еңбекке даярлап, оларға қоғамдық тарихи тәжірибені үйрету процесі. Олай болса, процесс ерекше қамқорлықты қажет ететін балаларға тәрбиенің айрықша әсерін пайдалану арқылы дүргізу керектігін білдіреді. Ересек буын, оның ішінде, әсіресе ата-ана қоғамдық тарихи өмірде жинақталған тәжірибені, білімді жас буынға, яғни өз балаларына тәрбие процесі арқылы береді. Орыстың ұлы сыншысы В.Г. Белинский «Адамды табиғат жаратқанымен, оны өсіріп, тәрбиелейтін-қоғам», - деп өте орынды айтқан. Осы орайда ерекше қамқорлықты қажет ететін балаларға өзін-өзіне қызмет етуге, қоғамдық өмірге үйретуде отбасы мүшелері, ата-аналар тәрбиенің әсер ету формасындағы белгілі бір стратегияларын, модельдерін, копинг тәсілдерін жүзеге асырады.

Копинг – бұл адамдардың өз-ара әрекеттесу жағдайына, психологиялық мүмкіндіктеріне және оның адам өміріндегі маңызына байланысты қолданылатын жеке даралық жүріс-тұрыс тәсіл. Басқаша айтқанда, копинг стратегия – адамның қиын жағдайды психологиялық жеңу мен жоюға бағытталған саналы, рационалды, бейімделген жүріс-тұрыстық мінез-құлқы. Копингтің психологиялық маңыздылығы жағдайдың талаптарына адамды эффективті бейімдеуден тұрады, жағдайдың стресстік негативті әсерінен құтылу немесе үйрену арқылы оны игеруге бағытталған.

Кохен және Лазарус көптеген зерттеу нәтижелерін қорытындылап, копингтің мынадай негізгі міндеттерін көрсетеді:

1) негативті әсер ететін мән-жайларды азайту және қалпына келу мүмкіндіктерін арттыру (сауығу);

2) өмірлік жағдайларға сабырлықпен қарау, бейімделу және реттеу;

3) позитивті жағымды «Мен образын» қолдау, өз күшіне сену;

4) эмоционалдық тепе-теңдігін қолдау;

5) басқа адамдармен тығыз өзара байланысты болу;

Анциферова өзін-өзі ұстаудың мінез-құлқы стратегияларын өзін-өзі ие болу стратегиясын қайта құрудан тұрады деп көрсетеді. Яғни адам қиын жағдайды өзгерту мүмкіндіктері туралы шешімді қабылдайды, оны мәселе ретінде жан-жақты қарастырады, соңғы және аралық мақсатты анықтайды, қиын жағдайды шешу жоспарын белгілейді, мақсатқа жету жолдарын анықтайды. Сонымен қатар, адам психикалық өзін-өзі реттеудің жаңа жүйесін қалыптастыруға тырысады.

Адамның өзін-өзі реттеу стратегиясы өзіндік сана жүйесінде өзінің мотиві, мақсаты, жағдайдың түріне байланысты дербес әрекет болады. Мұндай қиын жағдайды шешуге байланысты құрылған копинг стратегия адамға стресстік жағдайды шешуге мүмкіндік береді. Кейде бұл мәселе шешілмей қалуы да мүмкін. Егер мәселе шешілмей қалса, өзін-өзі төмен бағалай бастайды, содан позитивті ойлау қажеттілігін түсінеді. Өз-өзіне позитивті қатынасты қалпына келтіруге бағытталған стратегия құрады. Адам бұл техниканы қолдана отырып, өзін одан да қиын жағдайдағы адамдармен, ең қарапайым мәселелерді шешуге дәрменсіз болып отыратын адамдармен салыстыра бастайды. Сөйтіп өзінің жетістіктерін еске түсіреді. Ол адамдарға оңай емес сынақтарға дайын болуға және ондай жағдайларды болдырмау амалдарын алдын-ала белгілеуге жағдай туғызады.

Дамуында қандай да бір ауру немесе бұзылуы бар балалардың отбасында қарым-қатынас дағдарысы туындауы мүмкін. Өмірдің қиын жағдайларында адамдар әдетте, әр түрлі күйзелістердің әсерін азайту мақсатында саналы тұрғыда (бұл оның копинг стратегияларын білдіреді) және бейсаналық механизмдер тұрғысында (бұл оның қауіпсіздік, қорғану әрекеттерін білдіреді) копинг стратегиясын пайдалана алады.

Ақыл-ой артта қалған бала мен ата-аналары арасындағы қарым-қатынасқа келер болсақ, әрбір баланың әлемді түсінуіне, оған көзқарасын қалыптастыруда ең маңызды адам, ол анасы болып табылады. Әрине, әкесімен, отбасының басқа да мүшелерімен, сондай-ақ басқа адамдармен де бірлесе әрекеттесуінде қарым-қатынас маңызды болып табылады. Р.Я. Абрамович-Лехтманның айтуы бойынша сау балалармен салыстырғанда ақыл-ой артта қалған балаларда әлеуметтік қарым-қатынасы шектеулі, тар болады, яғни дербестігі төмен деңгеймен сипатталады, сондықтан отбасы мүшелерімен қатынасы оның тұлғалық даму процесінде үлкен мәнге ие.

Дүниеге келген нәресте ең алдымен анасымен қатынасты орнатады. Оны алғашқы диалог немесе протодиалог деп атайды. Оның табыстылығы көбінесе баланың психикалық дамуына, оның тұлғалық қалыптасуына байланысты. Д.В. Винникотт айтқандай, нәрестелерде табиғи өте нәзік қажеттілік бар, ол қажеттілік тек адамдармен қарым-қатынаста ғана қанағаттандырылады. Мүмкін, сәбиге анасының тыныс алу ырғағына ену керек немесе үлкен адамның жүрек соғысын есту немесе сезінуі керек. Әлде, сәбиге жанды нәрсені түсіндіретін бояулар, қимылдар, әкесі мен анасының иісін, дауысын сезінуі қажет. Вербальды емес қарым-қатынас және протосөйлесу арқылы іске асқан диалог барысында экспрессивті-эмоционалды байланыс орнатылады, отбасылық тәрбиелеу типі қалыптасады. Сонымен бірге, анасының және баласының денсаулығы өзара тәуелді бола бастайды.

Дамуында қандай да бір ауытқуы бар нәрестенің анасы бастапқыда бақытты ана болу үмітінің орындалмауына байланысты қайғыға түңіліп, кінә сезімін бастан кешіреді. Ол өз іс-әрекетінде сенімсіз, үрейінің жоғарылауына себеп болатын сәбимен артық қарым-қатынастан қаша бастайды, оны азайтуға тырысады. Нәтижесінде протодиалог іске аспай, ананың балаға

қатынасында жатсынушылық ұлғаяды және соңында апатияға алып келеді. Мұндай баламен отбасының басқа мүшелерімен қарым-қатынасы, мұндай баланың туылуы кейде психотравма ретінде айқындалады. Сонымен бірге, біріншіден, отбасы жүйесінің ішінде өзгешіліктер болады, отбасылық рөлдер мен міндеттері қайта қаралып және қайта бөлінеді, ал екіншіден, әлеуметтік отбасылық статус және оның микросоциуммен қатынасы өзгереді.

Дамуында ауытқуы бар сәби туылған отбасылар әдетте оқшаулана бастайды. Оның мүшелері бұрынғы белсенді өмір өмір салтына орала алмайтынын түсініп, күйзелісті басынан кешіреді. Науқас баланың жақындарымен қатынасын қалыптастыру жиі болатын отбасылық конфликтерден көрінеді. Ақыл-ойы артта қалған баланың отбасында жанжалдың негізгі себептері көбінесе оның дертінің айыпкерін іздеумен байланысты. Кейде басылып қалатын, кейде лап етілетін дау-жанжалдар айлар бойы созылады. Кейде ерлі-зайыптылардың біреуі (әдетте ерлер) кінәсін басқа тұлғаға сендіртеді.

Кейде ерлі-зайыптылар үшінші адамға негізделген псевдоынтымақтастықты құрады (көбінде дәрігерлер). Кез келген вариант отбасының тіршілік әрекеті мен баланың тұлғалық қалыптасуына деструктивті әсер етеді. Әдетте отбасындағы келіспеушілік науқастың емделуіне байланысты сұрақтармен, оның тәрбиесімен және науқасты күтуге байланысты мәселелерден туындайды. Әдеттегідей кез-келген отбасыларында кездесетін немесе болатын материалдық қиыншылықтар осындай мәселерді ұлғайта түседі.

Ата-ана баласының дамуында ауытқуы бар екендігін және оған ерекше күтім мен тәрбие қажет ететінін бірте-бірте түсініп қабылдай бастайды. И.Ю. Левченко және О.Г. Приходько ата-ананың баланың ауруына қатысты бейімделуінің 3 кезеңін бөліп көрсетеді:

Бірінші кезең - агрессия және теріске шығару кезеңі. Ата-аналар өз баласының ауыруына кінәлілерді іздей бастайды. Кейбір жағдайларда агрессия балаға ауысып отырады, анасы өзге балалардан көп айырмашылығы бар өзінің баласын сол күйінде қабылдау үшін өз бойындағы күш-жігері жетпей жатады. Осы кезеңде отбасындағы қарым-қатынастар ушығып кететіндігі соншалық, күйзелістік күй соншалық жиі және созылмалы болады, отбасылар жиі ажырасып, ана өз қайғысымен жалғыз қалып отырады.

Екінші сатысы – қайғы кезеңі. Ата-аналар баласының ешқашан сауықпайтынын, ешқашан дені сау адам бола алмайтынын түсіне отырып, өздеріне жүктелген үлкен жауапкершілікті сезінеді. Олардың алдында, әсіресе ана алдында науқас балаға ерекше күтім жасауға, оны емдеу мен тәрбиелеуге қатысты көптеген сұрақтар туындайды. Бұл кезеңде ата-аналардың білікті мамандар көмегіне қажеттілігі артады.

Үшінші сатысы – бейімделу кезеңі. Ата-аналар өз балаларының шынайы жағдайын қабылдайды. Оның қабылдану дәрежесі әр түрлі болуы мүмкін, бірақ қалай болғанда да ата-аналар өз жағдайының ерекшеліктерін ескереді, және де шындық өмірге сәйкес өмір сүре бастайды. Бұл ретте,

қоршаған әлемге қайта қызығушылығының туындауы, теріс эмоциялардың қарқыны төмендеуі, перспективалардың пайда болуы, болашаққа бағдарланған проблемаларды шешуге дайын болу байқалады.

Әкесі мен анасы өздерін дағдарыс жағдайында әр түрлі ұстайды. Бұл түсініспеушілік тудыруы мүмкін және олардың арасында алшақтық пайда болуы ықтимал. Кейде олар өздерін және бір-бірін түсіну үшін көмек қажет болады. Дағдарыс көп күшті және көп уақыт алады. Кей жағдайда олар бала үшін өз эмоцияларын тежеуге, бұғаулап ұстауға мәжбүр болады. Әкесі күшті әрі ұстамды болып көрінеді, ал анасы бұл кезеңде өзін-өзі ұстай алмауы мүмкін, кейінірек бұл рөлдер ауысуы да мүмкін. Ушыққан кезінде ата-аналардың қарым-қатынасы шиеленісе түсуі, ал рөлдер түбегейлі өзгеруі де мүмкін. (Jagerheim, 1998).

И.Ю. Левченко және В.В. Ткачева ата-аналардың дамуында ауытқуы бар балаларға деген қарым-қатынасын толығырақ зерттей отырып, келесідей тәрбие модельдерін бөліп көрсеткен:

1. Асақамқорлық көрсететін ата-аналар моделі. Мұнда ата-аналар әдетте, барлық нәрсені, тіпті баланың өзінің қолынан келетін нәрселерді де баланың орнына істеу тілегі көрінеді.

2. Қарама-қайшы тәрбие моделіндегі ата-аналар немесе отбасының түрлі мүшелері тарапынан балаға қоятын талаптары қарама-қайшылықта болып келеді.

3. Авторитарлы, аса әлеметтендіру, жоғары моральды жауапкершілік тәрбие типіндегі модель – мұнда ата-ана дамуында ауытқуы бар балаларға мүмкін емес жоғары талаптар қояды.

4. Ауруға «табыну» тәрбиесі моделіндегі ата-аналар, әдетте баланың ауытқушылық жағына шектен тыс тым шоғырланып, мән береді.

5. «Симбиоз» моделі - баланың мәселесіне ата-аналардың толық кіріп кетуі, көбінесе толық емес отбасыларға тән;

6. «Кішкентай бейбақ» моделі - ата-ана баланың әлеуметтік дәрменсіздігіне көңіл бөлуі, балаларының икемсіз және табыссыз екендігіне ұят ыза сезімін білдіруі;

7. Қамқорлықтың жетіспеушілігі - баланы бағып күтудің толық болмауы, көбінесе әлеуметтік мәртебесі төмен отбасыларға тән;

8. Баланы шеттету - ата-ананың балаға деген негативті қатынасы, әлеуметтік мәртебеге байланысты емес, көбінде әкелерде байқалады.

Көрсетілген барлық тәрбие модельдері баланың дамуына және психикалық саулығына кедергі келтіретін лайықсыз мінез-құлық болып табылатынын ескеру керек.

Ақыл-ойы артта қалған балалардың ата-аналарымен, сондай-ақ отбасының басқа да мүшелерімен қарым-қатынас кезіндегі осындай копинг стратегияларын есепке ала отырып, мұндай балалармен жүргізілетін немесе жоспарланатын психопрофилактикалық және реабилитациялық іс-шараларды тиімді ұйымдастыруға көмектеседі.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Lazarus R.S., Folkman S. The Concept of Coping // Stress and Coping: an anthology. N.Y.: Columbia University Press, 1991. P. 210
2. Ткачева В.В. Психологическое изучение семей, воспитывающих детей с отклонениями в развитии / В. В. Ткачева. — М.: УМК «Психология», 2004. — 192 с.
3. Ткачева В. В. Гармонизация внутрисемейных отношений: мама, папа, я — дружная семья: практикум по формированию адекватных внутрисемейных отношений / В. В. Ткачева. — М.: Гном и Д, 2000. — 160 с.
4. Абрамович-Лехтман Р.Я. Методы психологического воздействия в восстановительной работе при детских церебральных параличах//Вопр.соврем.психо-неврологии. —Л.,1966. —С.321-329.
5. Анцыферова Л.И. Личность в трудных жизненных условиях: переосмысление, преобразование ситуаций и психологическая защита // Психологический журнал. 1994. Т. 15. № 1.
6. Левченко И. Ю. Технологии обучения и воспитания детей с нарушениями опорно-двигательного аппарата / И. Ю. Левченко, О. Г. Приходько. — М.: Академия, 2001. — 192 с.
7. Винникотт Д.В. Разговор с родителями /Пер. с англ. М.Н. Почукаевой, В.В. Тимофеева. — М.: Независимая фирма “Класс” —79с.

**ӘОЖ 159.972**

## **ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙДАҒЫ АДАМНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КҮЙІ**

**Сабилова Жаңылсын Нұрмұханқызы**

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің  
доценті, п.ғ.к. zhanylsyn.sabirova@mail.ru

**Шұғаева Гүлшат Коңыратқызы**

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің  
доценті, п.ғ.к.

Біздің өміріміз күтпеген жағдайлар мен тосын құбылыстарға толы. Бұл әртүрлі жер сілкіністерінің, зілзала- дауылдардың, өрттердің, көшкіндердің және бүлінген өзендердің нәтижесі. Осындай қолайсыз жағдайлардың салдарынан көптеген адамдар зардап шегеді. Кейбіреулері ауыр жарақат алды, ал басқалары қиын жағдайларға душар болады.

Алайда аман қалғандардың өздері ауыр, емделмейтін жарақаттар алғды. Бұл адамның жан дүниесіне, психикасына және санасына әсер береді.

Сондай-ақ, төтенше жағдайдағы адамдардың барлығының бірдей психикасына әсер етпейді, оны әртүрлі адамдар әр бағытта қабылдайды. Кейбір адамдарда ішкі тіршіліктің резервтері жұмыс істей бастайды, ал басқаларында еңбек ету қабілеті, физиологиялық немесе психологиялық күйі